



Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы инвестицияларды өзара ынталандыру және қорғау туралы Шартты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 7 ақпан N 130

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы инвестицияларды өзара ынталандыру және қорғау туралы Шарт Қазақстан Республикасының жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ИСПАНИЯ КОРОЛЬДІГІ
АРАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ӨЗАРА ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ
ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ
ШАРТ**

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі

екі ел үшін де тиімді өзара экономикалық ынтымақтастықты нығайтуды қалай отырып,

бір Уағдаласушы тараптың екінші Уағдаласушы Тараптың аумағындағы инвестициялары үшін қолайлы жағдай жасауға ұмтыла отырып, осы Шартқа сәйкес инвестицияларға жәрдемдесу мен қорғаудың осы саладағы бастамаларды ынталандыратындығын мойындай отырып, мына төмендегілер жайында келісті:

1-бап. Анықтамалар

Осы Шарттың мақсаты үшін:

1. "Инвестор" термині кез келген Уағдаласушы Тарапқа қатысты мынадай

мағыналарды білдіреді:

- а) испан жағының жағдайында оның Ұлттық заңдарына сәйкес президент, ал Қазақстан жағының жағдайында Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жеке тұлға;
- б) кез келген заңды тұлға, оның ішінде тиісті Уағдаласуши Тараптың заңдары мен нормаларына сәйкес құрылған жағдайда корпорациялар ретінде тіркелетін және іс жүзінде осы Уағдаласуши Тарап аумағынан басқарылатын компаниялар, ассоциациялар, сауда кооперативтік объектілері мен басқа да ұйымдар.

2. "Инвестиция" термині инвестицияларды қабылдаушы елдің заңына сәйкес сатып алынған ықтимал товарлар мен құқықтар сияқты активтердің кез келген түрі дегенді білдіреді, атап айтқанда;

- акциялар мен компанияларға қатысадын басқа да нысандары;
- экономикалық құндылықтарды жасау мақсатында жүзеге асырылатын, осы мақсат үшін берілетін, не капиталға айналған, не капиталға айналмаған әрбір заемды қоса алғанда, салымдардың барлық түрлерінен пайда болатын құқықтар;
- қозғалатын және қозғалмайтын мүлік, сондай-ақ ипотека, мүлікті қарыз немесе кепіл үшін ұстап қалу құқығы сияқты кез келген басқа құқықтар;
- патенттер мен сауда белгілерін, сондай-ақ өндірістік лицензиялар мен ноу-хауды қоса алғанда, интеллектілік меншік саласындағы кез келген құқықтар;
- заңға немесе контрактіге сәйкес рұқсат етілген экономикалық және коммерциялық қызметпен шұғылдану құқығы, атап айтқанда, табиғи ресурстарды барлау, жобалау, өндіру және пайдалану құқығы, бірақ бұлармен шектеліп қалмайды.

3. "Кіріс" терминінің жоғарыда мазмұндалған анықтамаға сәйкес инвестициялардан алынатын кіріске қатысы бар және, атап айтқанда, пайданы, дивидендтер мен проценттерді қамтиды.

4. "Аумак" термині Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысының құрлық жерінің аумағы мен аумақтық сулары, Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысының аумақтық шекарасынан әрі созылып жатқан айрықша экономикалық аймақ пен құрлықтық шельф дегенді білдіреді, халықаралық құқыққа сәйкес табиғи ресурстарды пайдалану, барлау және сақтау мақсатында олардың юрисдикциясы мен егемендік құқықтары болады немесе болуы мүмкін.

2-бап. Жәрдемдесу және қабылдау

1. Әрбір Уағдаласуши Тарап өз аумағында екінші Уағдаласуши Тараптың инвесторлары арқылы жүзеге асырылатын инвестицияларына мүмкіндігінше жәрдемдесуге және оны инвестиацияларды өз заңдары мен нормаларына сәйкес қабылдауға тиіс.
2. Осы Шарт екінші уағдаласуши Тараптың аумағында оның құқықтық талаптарына сәйкес бір Уағдаласуши Тараптың инвесторлары арқылы күшіне енгенге

дәйін салынған инвестицияларға да қолданылады.

3-бап. Қорғау

1. Әрбір Ұағдаласушы Тарап өз аумағында өз зандары мен нормаларына сәйкес екінші Ұағдаласушы Тараптың инвесторлары арқылы салынатын инвестиацияларды қорғайды және басқаруды, дамытуды, қолдауды, пайдалануды, игеруді, ұлғайтуды, сатуды дәлелсіз және кемсітүшілік шаралармен нашарлатуға және, егер бұл орын алып отырған болса, мұндай инвестиацияларды жоюға тиіс емес.

2. Әрбір Ұағдаласушы Тарап осы инвестиацияларға қатысы бар қажетті рұқсатты беруге тиіс және өз зандарының шегінде өндірістік лицензияларға, техникалық, коммерциялық, қаржылық және әкімшілік көмекке байланысты жұмыстар мен контрактілерге рұқсат берілуін шешуге тиіс.

3. Әрбір Ұағдаласушы Тарап сондай-ақ қажет болған жағдайда екінші Ұағдаласушы Тараптың инвесторлары жалдаған консультанттардың немесе сарапшылардың қызметіне байланысты талап етілетін рұқсатты береді.

4-бап. Режим

1. Әрбір Ұағдаласушы Тарап өз аумағында екінші Ұағдаласушы Тараптың инвесторлары салған инвестициялар үшін әділ және тең құқықты режим жасауға кепілдік береді.

2. Бұл режим әрбір Ұағдаласушы Тараптың аумағындағы үшінші елдің инвесторлары салған инвестиацияларға жасалатын қолайлы режимнен кем болмауға тиіс.

3. Алайда бұл режим бір Ұағдаласушы Тараптың үшінші елдің инвесторларына оның мүшелік дәрежесіне немесе кез келген бұрыннан бар немесе болашақ еркін сауда аймағына, кедендік одакқа, жалпы рынокқа немесе кез келген Ұағдаласушы Тарап болып табылатын немесе бола алатын осындай халықаралық келісімге байланысты берілуі мүмкін артықшылықтарға қолданылмауға тиіс.

4. Осы бапқа сәйкес берілетін режим салықтық жеңілдіктерге және салықты төлеуден босатуға немесе кез келген Ұағдаласушы Тарап қос салықты жою туралы келісімге немесе салық туралы кез келген басқа келісімге байланысты үшінші елдің инвесторларына беретін басқа да осындай артықшылықтарға қолданылмайды.

5. Осы Баптың 2-тармағындағы ережелерге қосымша ретінде әрбір Ұағдаласушы Тарап өзінің зандарына сәйкес басқа Ұағдаласушы Тарап инвесторлары жөнінде өзінің төл инвесторларына жасалатын қолайлы режимнен кем емес режимді қолдануға тиіс.

5-бап. Национализация және экспроприация

1. Национализация, экспроприация немесе бір Ұағдаласушы Тараптың өкімет орындары аз аумағында екінші Ұағдаласушы Тарап инвесторларының

инвестицияларына қарсы қолдануы мүмкін басқа да кез келген шара немесе іс-қимыл заңға сәйкес тек қана мемлекеттік мұдделер үшін қолданылуға тиіс және ешбір жағдайда да кемсітушілік сипатта болмауы керек. Осындай шараларды қабылдаған Уағдаласушы Тарап инвесторға немесе оның құқықтық мұрагеріне өтімді және еркін аударылатын валютамен кешіктірмей тиісті өтемақыны төлеуге тиіс.

2. Төлемақы национализациялау немесе экспроприациялау туралы шешім хабарланған және (немесе) жарияланған кезге дейін мөлшері анықталуға тиіс нарықтық құнға тең болуы керек.

6-бап. Шығындарды өтеу

Соғыстың, өзге де қарулы қақтығыстардың, төтенше жағдайлардың, көтерілістердің, тәртіпсіздіктердің немесе басқа да осындай жағдаяттардың салдарынан екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестицияларына немесе кірістеріне зиян келтірілген Уағдаласушы Тараптың инвесторларына, реквизициялық шаралардың нәтижесінде туындаған шығындарды қоса алғанда, қайтарым, өтем немесе басқа да реттеу жөнінде соңғы Уағдаласушы Тарап кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына беретін қолайлы режимнен кем емес режим жасалуға тиіс. Осы Бапқа сәйкес жүзеге асырылатын кез келген төлем кідіртілмейтін, жеткілікті, тиімді және еркін аударылатын болуға тиіс.

7-бап. Аударым

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз аумағында салынған инвестициялар жөнінде екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторларына осы инвестициялардан және оларға байланысты басқа төлемдерден алынған кірістердің еркін аударылуын қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

- 1-Бапта анықталғандай, инвестициялардан алынған табыс;
- 5 және 6-Баптарға сәйкес қарастырылған өтемдер;
- инвестицияларды толық немесе ішінара сатудан немесе таратудан алынған түсімдер;
- қарызыды өтеу жөніндегі қорлар;
- шикізаттық немесе қосымша материалдарды, жартылай дайын немесе дайын өнімдерді сатып алуға, сондай-ақ негізгі капиталдың орнын толтыруға арналған қорлар сияқты инвестицияларды қолдау немесе дамыту төлемдері;
- екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестициялар жөнінде тиісті жұмыс рұқсатын алған бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары алатын окладтар, жалақы мен басқа да өтемдер, бірақ тек осылармен ғана шектелмейді.

2. Инвестицияларды қабылдаған Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторына немесе өзі инвестицияларын салған компанияға аударымды осы бапқа сәйкес жүзеге асыру үшін инвестор қажетті шетел валютасын сатып алатындей,

кемсітпеушілік негізде валюта рыногына кіруіне рұқсат етуге тиіс.

3. Осы Шартқа сәйкес іске асырылатын аударымдар еркін өтімді валютамен инвестицияларды қабылдаушы Тараптың салық жөніндегі зандарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

4. Уағдаласуши Тараптар халықаралық қаржы орталықтарының практикасына сәйкес осы аударымдарды тым көп кешіктірмей жүзеге асыру үшін қажетті процедураларға ықпал етуге міндеттенеді. Атап айтқанда инвестор аударымды жүзеге асыру үшін тиісті тәртіппен қажетті өтініш жасаған күннен бастап аударым іс жүзінде аударылған күнге дейін аспайтын уақыт өтуге тиіс. Демек, Уағдаласуши Тараптардың екеуі де шетел валютасын сатып алу үшін, сондай-ақ осы уақыт ішінде оны шетелге тиімді аудару үшін талап етілетін істің реесми жақтарын орындауға міндеттенеді.

5. Уағдаласуши Тараптар осы Бапта сілтеме жасалған аударымдарға үшінші мемлекеттің инвесторлары салған инвестициялардың нәтижесінде алынған аударымдарға берілетін қолайлы режимнен кем емес режимді жасауға келіседі.

8-бап. Негұрлым қолайлы жағдайлар

Уағдаласуши Тараптардың бірі екінші Уағдаласуши Тараптың инвесторларымен уағдаласқан осы Шарттың талаптарымен салыстырғандағыдан негұрлым қолайлы жағдайлар осы Шартта қарастырылуға тиіс емес.

9-бап. Суброгация

Егер Уағдаласуши Тараптардың біреуі екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында өзінің инвесторлары салған инвестициялар жөнінде коммерциялық тәуекел негізінде қаржы кепілдігін берген болса, соңғы Тарап алғашқы Уағдаласуши Тараптың инвестордың экономикалық құқықтары жөніндегі суброгациясын алғашқы Уағдаласуши Тарап берілген кепіл үшін есептелген бірінші төлемді жүзеге асырған сэттен бастап қабылдауға тиіс. Бұл суброгация алғашқы Уағдаласуши Тарапқа барлық төлемдердің тікелей мұрагері болуға мүмкіндік береді, ал бұл төлемдерді өтеу үшін бастапқы инвестор несие беруші бола алады.

Мұліктік құқықтар, пайдалану, иелену немесе кез келген басқа мұліктік құқық жөніндегі суброгация тек инвестицияларды қабылдаған Уағдаласуши Тараптың құқықтық талаптарына сәйкес орындалғаннан кейін ғана орын алуға тиіс.

10-бап. Уағдаласуши тараптар арасындағы дауларды шешу

1. Осы Шартты түсіндіру немесе қолдану жөнінде Уағдаласуши Тараптар арасындағы кез келген дауды мүмкіндігінше екі Уағдаласуши Тараптың үкіметтері шешеді.

2. Дауды осындай жолмен шешу мүмкін болмаған жағдайда ол келіссөз басталғаннан бергі алты айдың ішінде Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша Төрелік сотқа беріледі.

3. Төрелік сот мына төмендегідей түрде құрылуға тиіс:

- әрбір Уағдаласушы Тарап төреші тағайындауды және екі төреші Төраға ретінде үшінші Тараптың азаматын таңдауға тиіс. Төрешілер үш айдың ішінде, ал Төраға Уағдаласушы Тараптардың бірі дауды Төрелік сотқа беру туралы ниетін екінші Уағдаласушы Тарапқа хабарлаған күннен бастап бес айдың ішінде тағайындалуға тиіс.

4. Егер екі Уағдаласушы Тараптың бірі белгіленген соңғы мерзімге дейін өз төрешісін тағайындаудаса, екінші Уағдаласушы Тарап Халықаралық соттың Төрағасынан осы тағайындауды іске асыруды талап ете алады. Егер екі төреші белгіленген соңғы мерзімге дейін үшінші төрешіні тағайындау туралы келісімге келе алмаса, Уағдаласушы Тараптардың кез келгені Халықаралық соттың Төрағасына тиісті тағайындауды іске асыру жөнінде өтініш жасай алады.

5. Егер осы Баптың 4-тармағында қарастырылған жағдай бойынша Халықаралық соттың Төрағасына аталған міндетті орындауға әлдебір себептер кедергі келтірсе немесе ол Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болса, Төрағаның орынбасарына осы қажетті тағайындауды іске асыру жөнінде ұсыныс жасалуға тиіс. Егер Төрағаның орынбасарына аталған міндетті орындауға әлдебір себептер кедергі келтірсе немесе ол Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болса, қажетті тағайындауды жүзеге асыру Уағдаласушы Тараптардың азаматы емес және Халықаралық соттың шені жөнінен ең үлкен мүшесіне ұсынылады.

6. Төрелік сот өз шешімін заңға, осы Шартта немесе Уағдаласушы Тараптар арасындағы қолданылып жүрген басқа келісімдерде мазмұндалған ережелерге, сондай-ақ халықаралық құқықтардың жалпы жұрт таныған принциптеріне құрметпен қарау негізінде шығарады.

7. Егер Уағдаласушы Тараптар басқаша шешпесе, сот өзінің жеке процедурасын белгілейді.

8. Төрелік сот өз шешімін көпшілік дауыспен қабылдайды және бұл шешім екі Уағдаласушы Тарап үшін де түпкілікті ері міндетті болып табылады.

9. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзі тағайындастын төреші үшін кеткен шығындарды және оның төрелік талдаудағы қызметіне байланысты шығындарды көтеруге тиіс. Басқа шығындарды, Төраға шығындарын қоса алғанда, екі Уағдаласушы тарап тең үлеспен өтеуге тиіс.

11-бап. Бір тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторлары арасындағы даулар

1. Уағдаласушы Тараптардың бірі мен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторлары арасындағы осы Шартта көрсетілген инвестициялар жөнінде пайда болуы мүмкін

даулар туралы инвесторға егжей-тегжейлі баяндалып, жазбаша түрде хабарлануға тиіс. Мұдделі жақтар алшақтықтарды мүмкіндігінше достық келісім жолымен шешуге ұмтылуға тиіс.

2. Егер бұл даулар, 1-тармақта көрсетілгендей, жазбаша хабарланған күннен бастап алты айдың ішінде осындай жолмен шешілмесе, дау инвестордың қалауы бойынша мыналарға берілуі мүмкін:

- өзінің аумағында инвестициялар салынған Уағдаласуши Тараптың құзыретті сотына;

- Халықаралық сауда құқығы бойынша БҰҰ Комиссиясы Төрелігі процедурасының ережелеріне сәйкес құрылған арнаулы төрелік сотқа;

- 1965 жылы 18 наурызда Вашингтонда қол қою үшін ашылған "Мемлекеттер мен басқа мемлекет азаматтары арасындағы инвестиациялық дауларды шешу жөніндегі Конвенция" құрған инвестиациялық дауларды шешу жөніндегі Халықаралық орталыққа, егер Уағдаласуши Тараптардың екеуі де осы Конвенцияға қатысушы болған жағдайда;

- Париж халықаралық сауда палатасының Төрелік сотына.

3. Төрелік:

- осы Шарттың және Уағдаласуши Тараптар арасында қолданылып жүрген басқа да келісімдердің ережелеріне;

- халықаралық құқықтың ережелері мен жалпы жүрт қабылдаған принциптеріне;
- өзінің аумағында инвестиациялар салынған Уағдаласуши Тараптың ұлттық зандарына, құқықтық нормалардың коллизиясына қатысы бар ережелерді қоса алғанда, негізделуге тиіс.

4. Төреліктің шешімі даудағы екі жақ үшін де түпкілікті әрі міндетті болып табылады. Эрбір Уағдаласуши Тарап шешімді өзінің ұлттық заңына сәйкес орындауға міндеттенеді.

12-бап. Шарттың күшіне енуі, ұзартылуы және қолданыста болуын тоқтату

1. Осы Шарт өзінің күшіне енуі үшін талап етілетін тиісті конституциялық процедуралардың орындалғандығы туралы хабарлар алmasылған күні күшіне енеді. Ол он жыл бойы күшінде қалады және келесі екі жылдық кезеңдерге үнсіз келісу жолымен жалғастырылады.

Эрбір Уағдаласуши Тарап осы Шартты оның қолданылу мерзімі

біткенге дейін алты айдың ішінде алдын ала жазбаша түрде хабарлау арқылы бұза алады.

2. Осы Шарттың қолданыста болуы тоқтатылған күнге дейін салынатын немесе сатып алынатын және егер осы Шарт күшінде қалған

жағдайда қолданылатын инвестициялар жөнінде осы Шарттың барлық басқа баптарындағы ережелер тоқтату күнінен бастап кейінгі он жыл бойы қолданыла береді.

1994 жылы 23 наурызда Мадрид қаласында қазақ, испан және орыс тілдерінде екі дана болып жасалады, сонымен бірге барлық текстердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы
үшін

Испания Корольдігі
үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК